Орта білім беру жүйесіндегі оқушылардың оқу жетістіктерін бағалауды нығайту бойынша консультациялық қызметтер, № KZEMP/QCBS-02 келісім-шарт

ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТЫ ТАНЫТУҒА СҰРАУ САЛУ

ҚАЗАҚСТАН

«БІЛІМ БЕРУДІ ЖАҢҒЫРТУ» ЖОБАСЫ

КОНСУЛЬТАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕР

Тапсырманың атауы: **Орта білім беру жүйесіндегі оқушылардың оқу жетістіктерін бағалауды нығайту бойынша консультациялық қызметтер, № KZEMP/QCBS-02 келісім-шарт.**

Қазақстан Республикасының Өкіметі мен Халықаралық қайта құру және даму банкінің (бұдан әрі – Дүниежүзілік банк) бірлескен «Білім беруді жаңғырту» жобасы (бұдан әрі – Жоба) 2018 жылдан 2022 жылға дейінгі кезеңде жүзеге асады. Осы жобаның мақсаты ауылдық және осал мектептердегі орта білім беру жүйесінің сапасын арттыру, білім берудегі қолжетімділік пен тепе-теңдікті ұлғайту. Қазақстан Республикасының білім және ғылым министірлігі (бұдан әрі – Министірлік) атқарушы агенттік болып табылады.

Жобаның бір бағыты орта білім беру жүйесіндегі оқушылардың оқу жетістіктерін бағалауды нығайту бойынша консультациялық қызметтерге негізделеді.

Мақсаты:

Орта білім беру жүйесіндегі оқушылардың оқу жетістіктерін бағалауды нығайту үшін келесі іс-шаралар жүзеге асырылады: (1) бағалау құралдары мен тәжірибелерін жаңартылған білім беру мазмұнына сәйкес қайта қарастыру, (2) жаңартылған білім беру мазмұнында көрсетілген және құндылығы мен сенімділігі артқан негізгі құзыреттерді өлшеу үшін оқу жетістіктерін сырттай бағалауды нығайту, (3) тест базасын әзірлеу және әдістемелік көмек көрсету, (4) тесттерді әзірлеу және өткізу әлеуетін қалыптастыру.

Тапсырманың күтілетін ұзақтығы:

10 ай.

Қызмет көлемі:

1-тапсырма. Жақсартуды қажет ететін жерлерін анықтау үшін оқу жетістіктерін бағалау құралдарын қайта қарастыру.

2-тапсырма. Жаңартылған білім беру мазмұны негізделген негізгі құзыреттерді өлшеу үшін ОЖСБ-ның форматы мен мазмұнын қайта қарастыру.

3-тапсырма. Тесттерді тиімді әзірлеу және өткізу үшін әзірлеушілерді даярлау.

4-тапсырма. Қағаз және компьютерлік тестілеуге мүмкіндік беретін соның ішінде мультимедиалық элементтерді қамтитын сұрақтары бар ОЖСБ тест тапсырмаларын әзірлеу.

5-тапсырма. Нығайтылған ОЖСБ-ны сынақтан өткізу.

6-тапсырма. Тестілеуді дайындау мен өткізуге арналған әдістемелік ұсынымдарды әзірлеу.

7-тапсырма. Тестілеуді дайындау мен өткізу үшін министірліктің ведомстволық бағынышты ұйымдарының әлеуетін көтеру.

Күтілетін нәтижелер:

Консультант келесі нәтижелерді қамтамасыз етуге міндетті:

1. Консультациялық қызметтерді көрсетудің Жұмыс жоспарын әзірлеп Жобаны басқару жөніндегі топпен келісу.

2. Өтетін дөңгелек үстелдердің кестесіне келісу және мүдделі тараптармен жобаны жүзеге асыру жайлы консультация өткізу.

3. Консультант қойылған тапсырмаларды қызмет көрсету кестесіне сәйкес орындауға міндетті:

a) оқу жетістіктерін бағалау құралдарын қайта қарастыру туралы есеп (әдістемелік ұсынымдар түрінде);

b) ОЖСБ-ның қайта қарастырылған нормативті құжаттары;

c) тест тапсырмаларын әзірлеушілерді даярлау;

d) әзірленген ОЖСБ тест тапсырмалары; барлық тест тапсырмалары кем дегенде екі сараптамадан өтіп сынақтың қортындылары бойынша қажетті деңгейде түзетілуі қажет;

e) тестті дайындау мен өткізуге арналған әдістемелік ұсынымдар;

f) Министірлікке бағынышты ведомство мамандарының біліктілігін арттыру.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министірлігі құзырлы компанияларды осы тапсырманы орындау үшін қызығушылық танытуға шақырады. Қызығушылығы бар компаниялар қызметті атқару үшін қажетті біліктілік туралы ақпаратты (брошюра, портфолио, жұмыс тәжірибесі мен осыған ұқсас тапсырмалардың сипаттамасы, білікті қызметкерлердің болуы және т.б.) қамтамасыз етуі керек. Іріктеуге арналған критерийлер:

Консультантқа (компанияға) қойылатын талаптар:

1. Ұлттық деңгейде тест стандарттарын, форматтарын және құралдарын әзірлеу қызметінің халықаралық тәжірибесі кем дегенде 5 жыл болуы тиіс (портфолио, келісім-шарттар мен орындалған жұмыстар актілерін қоса жіберу қажет);
2. Тест соның ішінде мультимедиа элементтері бар тесттерді әзірлеушілерге арналған тренингтерді өткізу тәжірибесі кем дегенде 5 жыл болуы тиіс (портфолио, келісім-шарттар мен орындалған жұмыстар актілерін қоса жіберу қажет);

Қызығушылық танытқан компаниялар *Дүниежүлік банктің нұсқаулығы: Дүниежүлік банктің консультанттарды іріктеу және жұмысқа алу* **(2011 жылдың қаңтар айы және оған**

енгізілген 2014 жылдың шілде айындағы өзгерістер) атты нұсқаулығының 1.9.-шы **Дүниежүзілік банкінің мүдделер қайшылығы жөніндегі саясатын түсіндіретін** тармағына назар аударуы тиіс.

Біліктілікті арттыру мақсатында компаниялар өзара бірігуіне мүмкіндігі бар.

Компаниялар «Сапасы мен бағасына негізделген іріктеу» атты әдісті қолданып *Дүниежүлік банктің нұсқаулығы: Дүниежүлік банктің консультанттарды іріктеу және жұмысқа алу* **(2011 жылдың қаңтар айы және оған енгізілген 2014 жылдың шілде айындағы өзгерістер**) тәртібіне сай іріктеледі.

Барлық қызығушылық танытқан компаниялар уәкілетті басшының қолы қойылған pdf форматындағы ұсынысын келесі электронды поштаға m.kazybayev@eduproject.kz немесе поштамен төменде көрсетілген мекенжайға **2019 жылдың 5-ші маусымына дейін** жеткізуі қажет.

Назарға: Сұлтан Ж.И., Жобаның үйлестірушісі

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

Қазастан Республикасы, 010000 Нұр-Сұлтан, Достық көшесі 18, “Москва” бизнес-орталығы, 6-шы қабат, 630 офис, «Білім беруді жаңғырту» жобасы.

Егер де сұрақтар туындаған жағдайда Жобаны басқару жөніндегі топпен электронды пошта арқылы m.kazybayev@eduproject.kz немесе телефон арқылы +7 7172 645 794 хабарласуға болады.